

ӘОЖ 1:28(574)

Г.С. Омарова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: omarova@mail.ru

Қазақ ишандары мен діни қайраткерлердің қазақ жерінде ислам құндылықтарын қалыптастырудағы қызметі

Аңдатпа. Мақалада қазақ діни қайраткерлердің халық санасында ислам құндылықтарын қалыптастырудағы қызметі қарастырылады. Сонымен қатар Қ. Қоңыратбайұлы, Бәймен ахун Тілемісұлы, Қалжан ахун, т.б. секілді қоғамдық және діни қайраткерлердің діни ағартушылық қызметі айшықталады.

Түйін сөздер: қазақ діни қайраткерлері, ислам құндылықтары, діни ағартушылық қызмет, мемлекеттік дін, халық санасы.

Қазақ даласында ислам мәдениетінің орнығып дамуына, халық санасында ислам құндылықтарын қалыптастыруға қазақ жерінен шыққан діни қайраткерлер, ишандар үлкен еңбек сіңірді. Қазақ қоғамында исламды дұрыс бағытта таратып, халықты, ұлтты бір сенімге біріктіруге көмектесіп, елдің ынтымағын, береке бірлігін қалыптастыруда әділ қазылық қызметімен халық санасына ислам құндылықтарын, ислам мәдениетін қалыптастыруға қазақ діни қайраткерлері мен ишандарының қазақ тарихында алар орны ерекше. Қазақ тарихында ишан, дамоллала, ахун т.б. діни қайраткерлер ұлт азаттық көтерілістерді бастап, қазақтың тәуелсіздігін сақтауға да ат салысқаны белгілі. Мәселен, Ахун Құсайынов елшілігі С.Датұлы бастаған көтеріліс кезінде (1783-1797) Ресей үкіметі атынан қазақ даласына келген (1785, 1790) мәмілегерлік елшілік тобы Зұқа батырдың әкесі Сәбит Дамолланың халықты бастап көтеріліске шығуы, қазақтардың алыс шетелдерге қоныс аудару барысында қомақты ел жұртты жаудан аман сақтап елге басшылық жасаған Нұрбай молла т.б. Алайда, осы діни қайраткерлердің ислам құндылықтарын қалыптастырудағы қызметі, қазақ даласында мешіт жанындағы медреселерде діни білім берілу, алғашқы діни ұстаздар, кітапханалар туралы мәселелер отандық ғылымда терең зерделенбегендіктен зерттеу нысанасында қалып отыр.

Ә. Дәулетхан түркі халықтары (түркештер, қарлықтар) қытайлардың жиі шабуылынан

теперіш көргендіктен арабтармен УП ғ. басында қарым қатынас орнатып исламды қабылдағанын айтады. Зияд бастаған арабтар хорасан, парсы армиясында ортаазиялық соғды т.б. әскерлер болған. Талас маңындағы Атлах деген жерде 751 ж. арабтар қытайдың Таң империясы әскерлерін ойсырата жеңуінен Ислам Қазақстанда біржола орнықты. Арабтар қазақ даласына келгенде Исламға дейін мәдениеті дамыған ертедегі қалаларға тап болғаны жайында жазды. Әл Макдиси: «Атлах үлкен қала айналасы биік дуалмен қоршалған. Бау бақшасы көп, жүзім мол өседі. Мешіті оталығында, базары қала шетінде» дейді [1.96.]. Арабтар қазақ даласын жаулауға емес, дін жаюға келгендіктен, олар дүние мүлік емес, ол жердегі білімді, өнерлі, шебер ұсталарды өздерімен бірге араб еліне алып кеткендігі анықталып отыр. Арабтар қазақ даласындағы мәдениет ошақтарынан алып кеткен білімді адамдардың саны С.Б.Бөлекбаевтың пайымдауынша әзірше 500-ден астам екендігі ғана мәлім болып отыр. Исламның қалыптасуына тікелей әсер еткен шайқасты қазақ тарихында зерттеушілер бірде «Талас шайқасы», бірде «Атлах шайқасы» деп келгендіктен, тарихшы Д.Әлімғазы: «Біз алапат шайқас ауқымына, соғысқа қатынасқан әскерлердің мәніне байланысты «Атлах-Талас» шайқасы деп атауды жөн көрдік» дейді [1, 9 б.]. Исламды мемлекеттік деңгейге көтеріп, ресми дінге айналдырған ертедегі Қарахан мемлекеті ханы Сатұқ Бұхра Қашқарияда исламды Қарахан хандығы мен көрші аймақтарға жалпы дін

ретінде түркі тілдес халықтар арасында ресми дін ретінде орнықтырып, жалпыластыруға үлкен үлес қосты. Ол 955 ж. қайтыс болған соң, оның мұрагері Мұса бин Абду Карим әкесінің саясатын жалғастырып, Қашқарды Қарахан мемлекетінің астанасы деп жариялап, исламды ресми мемлекеттік дін ретінде жариялады. Бұл шығыстағы будда дінін ұстанатындарға, әсіресе будданы ұстанатын Хотан мемлекетінің алақөздігін туғызды. Хотандықтар 840 ж. орхон бойында қырғыздардан жеңіліп осы аумаққа қоныс аударып келген ұйғырлар еді. Бірнеше ұрпақ ауысқанша, «Хотандықтармен соғыста, сол кездегі Қарахан ханы Й. Қадырхан 1024 ж. Хотанға күйрете соққы беріп жеңуімен, ислам түркі тілдес халықтар арасында хақ дін болды» [2, 4 б.]. Бұл құбылыстардан Ислам қазақ даласына VII ғ. толық болмағанмен бейбіт түрде еніп, VIII ғ. толық орнығып, IX ғ. түркі халықтарының ресми мемлекеттік діні болып қалыптасып, X ғ. бастап ислам құндылықтарын үйрететін оқу орындары Орта Азия мен қазақ даласында кең қанат жайғанын байқаймыз.

Ислам дінін қазақ даласына тарату, дұрыс оқыту миссиясымен араб елдерінен келген қазақ тарихындағы Қожалар Орта Азия, Қазақстан жеріне келіп қоныстанып, сіңісіп кеткені, Тәуке ханның «Жеті жарғысында» Қожаларға «қара» халықтан жеті есе артық құн белгіленгені тарихтан белгілі. Қожалардың бірі діни қауымдастық жетекшісі Аппақ Қожаның ұрпақтарын мадақтауға арналған ХУШҒ. Пж. жазылған «Исламнаме» – өлең түрінде жазылған тарихи шежіре сақталған, авторы Молла Мұхаммед Абд әл-Әлім бен Ахун Арзу Мұхаммед, ұлты ұйғыр. Бұл шежіре қазақ тарихын зерделеуде осы күнге дейін құнды дерек көзі болып табылады. Түркі халықтары арасына тассауф - сопылық бағыттың кең өріс алуына мұрындық болған қожаларға Орта Азия мен қазақ даласында жергілікті халық үлкен құрмет көрсеткен. Ислам діні құндылықтары исламға дейінгі салт дәстүрлермен, наным сенімдермен астаса дами отырып, ертедегі Қазақстан қалаларында діни білім беріліп, медреселер жұмыс істеді. Қазақ жерінен шыққан діни ғұламалар жайында Ә.Дербісәлі [3, 5 б.], К.Шәмшиддин [4, 5 б.] еңбектерінен байқалады. Қазақ даласына араб тілін, Құран негіздерін оқыту басталғандықтан араб елдеріне қожалардан басқа түркілер де саяхатқа барып келу өріс алып, өзара ықпалдасу

қарым-қатынас орнағандықтан арабтар түркі тілін үйренуге ден қойып, арабтар сол кездегі түркі білімді тұлғалармен бірлесе 1245 ж. Мысыр Мәмлүк мемлекетінің Қыпшақ ортасында түрік-араб сөздігін құрастырып шығарды. Қазақ тарихында осы көне қыпшақ шығармасында ең алғаш «қазақ» сөзіне «еркін, кезбе» [5, 49 б.] деген мән берілді. Қазақ жеріндегі «IX ғ. Отырар, Исфиджаб, Баласағұн, Сығанақ, Жент т.б. ерте қалаларда Исламды ұғыздаушылар белсенді әрекеттері саяси сипат алған болса, X ғ. бастап ислам ілімі жолындағы тәлім тәрбиелік ордалар - медресе-теккелер түбегейлі орнығып, исламдық ахлақи (моральдық) ұстанымдар қалыптаса бастады. Қ.А.Иассауи дүниеге келмей тұрып, Исфиджабта исламдық фикһ(құқық) мектебі ханафи мазһабының ондаған өкілдері өмір сүрді» [6, 5 б.].

Қашқадария уәлләяты билеушісі, Қ.А. Иассауиға Түркістанда кесене салдырып, өзі жаулап алған жерлерге көрікті мешіт, мешіт жанынан кітапхана, медресе салдыруды әдетке айналдырған Әмір Темір салдырған ең үлкен әсем мешіт, кітапхана ғимараттары Самарқанд, Бұхара жерінде [7, 503 б.]. Ақсақ Темір жер шары астанасы Самарқанд деп жариялап, өзі жаулаған жерлерде шыққан кітаптарды Самарқандағы үлкен кітапханаға жыйып, онда әйгілі ғалымдар оларды әлемге танытқан еңбектерін жазды. Ақсақ Темірдің баласы Шахрух салдырған Герат сарай кітапханасында Фердоуси, Низами, Дехлеви, Сағди, Хафиз, Авиценна т.б. еңбектерін жазса, ғалымдар тарих, әдебиет, медицина, география т.б. салаларда ғылыми жұмыс істеп, Ақсақ Темірдің балалары мен немерелеріне сабақ берген. Әмір Темірдің немересі Ұлықбек Бұхара, Самарқанда медреселер, обсерватория салдырып, кітапханалар жанынан математика, геодезия, астрономия, медицина т.б. салалар бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Қазақ жерінде қожалар, сол кездегі діни білімді адамдар алдымен қазақ хандары мен ақсүйектер балаларын оқытты. Алғашқы діни білім мақтабта беріліп, оқушылар араб тілін, Құран қирағаттарын үйреніп, мақтабты бітіргендер жоғары оқу үшін медреселерге (мадраса) түсті. Қазақ жерінен білім іздеушілер діни білім орталығы Түркістан, Бұхара («Мир-араб», Көкелташ т.б. медреселері), Самарқан т.б. медреселерінде жоғары білім алды. Ресей отарлауына дейін қазақ жерінде исламның дамуына

кең жол ашылып, қожалар, ишандар исламды терең уағыздады. Қазақ қоғамында Ишан – деген халық арасында діни сауат ашу, оқу жұмыстарын белсенді жүргізуші, халыққа хақ дін ислам негіздері бойынша дұрыс ғибадат жасауды үйрететін, діни білімі бар адамға берілетін лауазым. «Ахун (парсы сөзі ахунд – 1.мұсылмандық діни лауазым; 2.баулушы ұстаз) – XVIII ғ. Пж. Бастап қазақ даласында қолданылған діни лауазым. Орта Азияны билеген Бұхар хандығы тұсында ислам ғұламаларының ең жоғарғы лауазымы. 1860ж. Л.Толстойдың қабылдауында болған қазақ мүфтиі Уәйіс ғұламаның екінші лауазымы болды» [8.579б.]. Қазір Ахунның орнына бас Мүфтиден кейінге наиб мүфти лауазымы енгізілген. Ислам дініндегі Ахун Мүфтиден кейінгі атақ, лауазым аты. Мүфтидің шарифат бойынша айтқан шешімі Ахунның келісімінсіз жүзеге асырылмаған. Ахун лауазымы дінді терең меңгерген діни қайраткерлерге ғана берілген.

Патшалық отарлау кезінде исламның кең өріс алып дамуына кедергілер жасалғанмен жергілікті қазақтар, әсіресе Оңтүстік Қазақстан, Жетісу т.б. өңірлерде мешіт жанындағы медреселер жұмыс істеді. Бірақ, патшалық Ресейдің бұйрығымен қазақтарды сенімінен айырып, христиан дініне зорлықпен кіргізудің амалдарын жасалғаны да тарихтан белгілі. Алайда, ислам сонау УПғ. бастап халық санасына терең бекіп, исламға деген сенім бүкіл халықтық сипат алғандықтан Ресей дін үшін жанын пида еткен жергілікті халықтың жадындағы исламға деген сенімін жұлып алып тастауға қауқарсыз екенін білді. Бұдан әрі дінге зорлық көрсету патша саясатына, қазақ жерін ішкерілей отарлауға кедергі келтіретінін сезгендіктен олар исламға сенушілерге жалпылама шектеу қоймағандықтан «XIX ғ. 60 ж. Түркістанда 20-ға жуық мешіт, 2 медресе болған. 1917ж. қазақ төңкерісіне дейін Ақтөбеде 200-дей, Жетісуда 269, Бөкей хандығында 78, Әулиеатада 15 мешіт» [9, 40 б.] жұмыс істеді. Бұл кездері Қазақстанның түгелге жуық жерінде діни білім беріліп, медреселер жұмыс істеді. «1788ж. құрылған Орынбор мүфтилігінде 114 мешіт, медресе болса, XIXғ. Оңтүстік Қазақстанда Бабата, Бөкей орасында Орда, Аякөз медресесі, Оралда Мұтығия; XXғ. Іж. Жетісуда Мамания, Қызылордада Қалжан Ахун, Таразда Әбдіқадыр медреселері қазақ топырағындағы ислам мәдениеті ошақтары» [9, 41 б.] патша үкіметі кезінде жұмыс істеген бұл мешіт медреселер көбі Қазан төңкерісінен соң қиратылды.

1877 ж. Сырдария губерн., Ақмешіт уезі, Шиелі болыстығы, Керделіде дүниеге келген ағартушы, ауыз әдебетін жинаушы, діни қайраткер, алашорда қозғалысы мүшесі Қалжан Қоныратбайұлы Қарнақ медресесін бітірген. Ол «1914-1915 жж. Керделіде мектеп ашып «Ғалия», «Хұсни» медреселері түлектерін ұстаздыққа шақыртып» балаларға білім беріп, халық арасында ағартушылықпен бірге діни білімді таратқан. Қалжан Ақмешітте халық соты, кейін «Қазақ», «Айқап» Сырдария өңірлері тілшісі, алаш қозғалысы мүшесі болғандықтан 1937ж. ұсталып, Хабаровскідегі Советская Гавань, №22 Амурлаг түрмесінде қайтыс болды, оның «Пайғамбар заманы» [6, 41 б.] т.б. еңбектері бар. Қазақ даласында исламды алғаш қабылдап, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар жолына түскен алғашқы кісілердің бірі саналатын «Қарахан дәуірінен қалған ескерткіш қазір Оңтүстік Қазақстан Сайрам ауылында орналасқан, X ғ. салынған күмбез Абд ул-Әзиз Бабқа арналған. Абд ул-Әзиздер Сайрамдағы Ибраһим атамен (Қ.А.Иассауидің әкесі), Отрардағы Арыстанбабпен аталас» [10, 34 б.]. Құрман ата (1604-1712) алғашқы білімін Ақтамбердіден алып, кейін Түркістан медресесінде оқып, Меккеге қажылыққа барған, діни білімі, ақыл парасаттылығымен есімі елге таралып, ел ішінде әділ би, Құрман әулие атанған. «Тәуке хан тұсында қабылданған қазақ әдет ғұрып заңдар жиынтығы «Жеті жарғыны» жасауға қатынасқан» [6, 132-133 б.] қазір кесенесі Сауранда орналасқан. Бәймен Ахун Тілемісұлы 1846 ж. Қызылорда облысы Сырдария губерниясында туылған, діни қайраткер, Троицкідегі «Расулия» медресесінде, Уфада оқып, «ахун» дәрежесін алған [11, 162 б.]. Сол өңірде ауқатты аса білімді, діндар оқымысты Кіребай қажы 1890 ж. Сыр бойына өзі салдырған мешітіне «Расулия» медресе хазіретінен мешітке мұғалім жіберуін өтінгенде, ол Бәймен Ахунды жібереді. Кіребай өз баласы Ғұбайдулланы Уфада оқытқан. Бәймен Ахун мешітте мұғалім бола жүріп балалардың ғана емес, халық санасына Жаратқан Иеге деген сенімнің күшейіп, жеке адамды адалдыққа тәрбиелеуі, ақыл парасаттылығы, оның халық арасындағы беделін арттырды. Ол шәкірттерін Ресей медреселеріне жіберіп отырған. Қызылордадағы Сырдария губерн. Сұлу Төбе болыстығында 1861 ж. туылған, Ахмет ишан Оразайұлы алғаш білімін әкесі ашқан мектепте алып, Бұхарада діни медресе бітіріп, медицина

саласында білімін жалғастырып, бітірген соң туған ауылына келіп халықты емдеумен айналысатын емхана ашқан. Ол қиын операциялар жасап, халық құрметіне бөленіп, өз білгендерін шәкірттеріне үйретіп, халыққа діни білім беруге де үлкен үлес қосқан. Халық оның дарынды дәрігер, діни оқымысты ретінде бағалап, оған кесене салдырған.

Осындай тұлғалардың бірі Қалжан Ахун (1862-1916), Қалмұхаммед Бөлекбайұлы Хиуа хандығында дүниеге келген, руы кіші жүз. Қалжан Ахунның әкесі Бөлекбай жас кезінде өңді, батыр кісі болған, өзіне айттырған қызға үйленуден бас тартып, сол өңір сұлтанының қызына ғашық болып, сол қызды осы күнгі Ақтөбе өңірінен көрші ауылдардан тез табылатынын біліп, алыс Хорезмге алып қашқан. Сөйтіп, сол кездегі Хиуаның Үргеніш қаласында Қалмұхаммед туылған. Білегіндегі қалына байланысты ол Қалжан аталып кеткен, оның әкесі сол өлкенің лауазымды адамдарымен тіл табысып, ауқатты тұрмыс кешіп, Бек дәрежесіне жеткен. Ал, кейбір деректерде Қалжан ахун Қарақалпақстанда туылған делінеді. Қалжан 1890ж. Бұхарадағы Көкелташ медресесінің Фихр ілімі, ислам заң негіздері факультетін бітіріп, Бұхара, Хиуа, Хорезм жерлерінде дін саласында 10 жыл оқып, араб, парсы, шағатай, тәжік тілдерін білген, «Ахун» лауазымын алған ақын, діни ағартушы. Қалжанның немересі Шәмсияның айтуынша, Қалжан ахун өз шығармаларында IX-Xғғ. өмір сүрген түркі ойшылдары мен астрономия, медицина, ботаника, геодезия саласындағы әл Фергани, әл Хорезми, Бируни, М.Қашқари, Джамшед әл Ками, Руми, Ұлықбек т.б. есімдері аталып, жаратылыстану т.б. ғылым саласы жөніндегі философиялық ойлары мен өзі жұмыс істеген кітапханалар жөнінен деректер, түсініктемелер беретіні жөнінде айтады [12, 151 б.]. Қалжан ахун мен оның ұрпақтары репрессияға ұшырағанда оның еңбектері жойылған. Қалжан ахун күллі данышпандардың еңбектерін зерттей келе «Жарық Сәуле - Шығыстан» деген ойды өз шығармаларында үнемі насихаттаған. Ол ортағасыр ойшылдар еңбектеріне қызығушылық танытып, көп оқыған. Қалжан ахун Қызылорданың Тереңөзек өңіріне исламды таратып, діни білімдерді оқытуға келіп, мешітте имам бола жүріп 1902ж. медресе ашып, балаларды ғана емес, халық арасында исламның таралуына үлкен үлес қосқан, ислам дінін аса терең меңгерген дарынды ұстаз болу-

мен бірге өз шәкірттері ішіндегі үздіктерін Ресей, Бұхара т.б. жерлерге оқуға жіберіп отырған. Қалжан ахун медресеге даярлаған шәкірттердің бірі Тұрмағамбет Ізтілеуов «Шаһнамені» қазақ тіліне аударған. Қалжан ахун халық арасында ислам мәдениетін таратуға зор үлес қосып, діни ағартушылық қызмет атқарған көрнекті діни қайраткер, ағартушы-ұстаз, діни ғалым бейнесі келер уақыт арнасында да халық жадында сақталады. Қазақ жерінде діни қайраткерлер ислам құндылықтарын дамытып, елдің діни идеологиялық қызметін жоғары дәрежеде атқаруға үлкен үлес қоса отырып, қазақ ишандары халық арасында қарапайым түсінікті тілмен бір сенімдегі ұлт адамының күнделікті тұрмыс-тіршілікте ұлттық құндылықтармен астасқан исламның хақ дін екенін әр адамның жүрегіне жеткізіп, үлкен идеологиялық қызмет атқарған.

Әдебиеттер

- 1 Дәулетхан Ә. Атлах-Талас шайқасы // Қазақстан тарихы. – №4. – 2007. – 9-15 бб.
- 2 Ошан Ж. Ислам діні Шығыс Түркістанда // Ислам әлемі. – №8. – 2005.
- 3 Дербісәлі Ә. Даланың дана перзенттері (Отырар, Женд, Исфиджаб Сайрам, Тараз, Баласағұн ғұламалары жайлы жаңа деректер) // Казахская цивилизация. – №1. – 2005. – 4-40 бб.
- 4 Шәмшиддин К. Ас-Сығанақи – дін ғұламасы // Исламтану және араб филологиясы мәселелері. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – 2006. – Алматы, 2008.
- 5 Омарова Г.С. Қазақ диаспорасы: философиялық талдаулар. Karatay KONYA / TURKIYE: «Bahcibanlar basim san. A.S.». – 2011. – 191 б.
- 6 Қ.А. Яссауи: Ұлттық энциклопедия. – Том 6. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004. – 695 б.
- 7 Үлімжіұлы А. Екі томдық шығармаларының толық жинағы. – Том 2. / Құрастырушы, жауапты редактор: Омарова Г.С. Karatay - KONYA / TURKIYE: «Bahcibanlar basim san. A.S.». – 2011. – 597 б.
- 8 Ұлттық энциклопедия. – Том 1. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 719 б.
- 9 Байтенова Н.Ж., Затов Қ. т.б. Сопылық // Қазақстандағы діндер. – Алматы: Әрекет-Принт», 2008. – 399 б.
- 10 Ұлттық энциклопедия. – Том 1. – Алма-

ты: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 719 б.

11 Бәймен Ахун Тілемісұлы: Сыр елі
Қызылорда облысы энциклопедиясы. – Алматы:

Қазақ энциклопедиясы, 2005. – 542 б.

12 Қалжанова Ш. Қалжан Ахун. – Алматы:
Санат, 2012.

Г.С. Омарова

Роль религиозных деятелей в формировании исламских ценностей на казахской земле

В статье рассматривается роль казахских духовных лидеров в формировании духовных ценностей в народном сознании. А также раскрывается вклад таких общественных и религиозных деятелей, как К. Конаратбайұлы, Баймен ахун Тлемісұлы, Қалжан ахун и др.

Ключевые слова: казахские религиозные деятели, исламские ценности, религиозное образование, государственная религия, сознание народа.

G.S. Omarova

The Role of Men of Religion in the Forming of Islamic Values on the Land of the Kazakhs

It is considered in the article the role of Kazakh spiritual leaders in the forming of spiritual values in folk's consciousness. Also it is opened the contribution of such social and religious activists as K. Konyratbaiuly, Baimen Ahun Tlemisuly, Kalzhan Ahun etc.

Keywords: kazakh religious figures, islam values, religious education, state religion, the consciousness of the people.